08.02.2018 ж. күні оқу орнымыздың кіші мәжіліс залында жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу және оған жол бермеу мақсатында «Ерте жүктіліктің салдары қандай?» тақырыбында семинар өткізілді. Семинарға салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының директоры Жантөреева Клара Еркінқызы, «Акушерия және гинекология» пәнінің оқытушысы Тоқбергенова Гүлнара Бегімқызы, колледж «Педагог - психологы» Тунгушбаева Фариза Құланбекқызы қатысты.





13.03.2018 ж. күні оқу орнымыздың кіші мәжіліс залында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың жиырма жылдығы» атты студенттермен бірінғай сағат өткізілді. Іс – шара барысында баяндама оқылып, арнайы роликтер (видео) көрсетілді.





2018 жылдың 14 наурыз күні колледж қызметкерлерімен студенттеріне мемлекетімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды (МӘМС) енгізу мәселелері бойынша жиналыс өткізілді.




2018 жылдың 14 наурыз күні сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкерлері, жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында оқу орнымызда студенттермен кездесу жиналысын өткізді.




21.02.2018 ж. күні колледж аумағында, террористік тұрғыдан осал обьектілердің терроризмге қарсы қорғалуына оқу-жаттығулар өткізілді.




2018 жылдың 12 сәуір күні колледж педагог – психологының ұйымдастыруымен «Есірткі тұтынудың зияны мен зардаптары» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді.




15.04.2018 ж. күні колледж кіші мәжіліс залында «Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез –құлықтың себептері мен болдырмау жолдары» тақырыбында семинар – тренинг өткізілді.




23.04.2018 ж. күні бітіруші курс студенттеріне шетелдік оқу гранттары жайлы ақпараттандыру мақсатында шетелдік білім алудың қол жетімді мүмкіндіктері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.




Жастардың азаматтығымен патриотизімін дамыту үшін, студенттер үкіметін ұйымдастыру мақсатында есеп беру – сайлау жиналысы өткізілді. Жиында студенттер парламентінің мүшелері сайланып, 2018 – 2019 оқу жылының іс – шаралар жоспары талқыланды.




Оқу орнымызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесіне арналған ашық тәрбие сағаты өткізілді. Іс – шара Қазақстан халқының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру, Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып Отанын, халқын сүюге, ержүректілікке азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды.




Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, келеңсіз оқиғалардың, ерте-жүктіліктің, аутодеструктивті оқиғалардың алдын алу мақсатында кездесу болып өтті. Іс - шараға колледж басшылығы, аудандық "Жастар ресурстық орталығы" КММ, АІБ, Әлеуметтік психологиялық сүйемелдеу сектор қызметкерлері және колледж ұстаздары мен студенттері қатысты.




Қазақстан Республикасы «СЕНІМ» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы республикалық қоғамдық бірлестігі Түркістан облыстық филиалының степендиясының иегерлеріне сертификаттар табыстау шарасы 2018 жылдың 5 желтоқсан күні колледж мәжіліс залында өтті. Аталмыш іс-шараға Қ.Р. «СЕНІМ» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы республикалық қоғамдық бірлестігі Түркістан облыстық филиалының төрағасы Ахылбеков Асхат Тұрарұлы және филиал төрағасының орынбасары

Кушенова Роза Таңатарқызы қатысты. Іс – шара барысында Қ.Р. Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 06 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын насихаттау, түсіндіру жұмыстары жүргізіп, колледж қонақтарына арналған концерттік бағдарлама ұсынылды.





16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай 105 «Мейіргер ісі», 103 «Емдеу ісі» топтарының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.





**Имандылыққа,адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеу:**

(Ұлттық мінез құлық пен әдеп – ғұрып, салт – дәстүрлер негізіндегі тәрбие)

26.01.2018 ж. күні аудандық "Жастар ресурстық орталығы" КММ және "Жас Отан" Жастар қанатың ұйымдастыруымен, ауданымыздың жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері мен мектеп оқушылары арасында "ЖАЙДАРМАН" ойындары өтті. Сайысқа Жетісай медицина колледжінен «Мед. комедия» КВН командасы қатысты.





1 наурыз – Алғыс айту күніне орай онкүндікті ұйымдастыру жоспарына сәйкес, 28.02.2018 ж. күні колледж жатақхасында «Алғыс айту парызым» атты атты тақырыпта мерекелік іс – шара өткізілді.

06.03.2018 ж. күні 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай II емдеу ісі «А», II мейіргер ісі «А» топтарының ұйымдастыруымен «Даналықтың қажеті жоқ – сыйлау үшін ананы» атты тақырыпта мерекелік іс – шара өткізілді.





Жетісай медицина колледжінің жайдарманшылары Астана қаласында «Жарасым маусымы» тақырыбында өткен «Жайдарман» ойындарында өнер көрсетті. Сайыстың қорытындысы бойынша, биылғы маусымда жайдарманшыларымыз Алматы қаласында өтетін Республикалық Премьер – Лигада өнер көрсететін болады.





2018 жылдың 26-28 сәуір аралығын Алматы қаласындағы Н.Сац атындағы театрда Республикалық Премьер лиганың 1/8, 1/4 финалдық кезеңдері өтті. Оқу орнымыздың «Жетісай құрамасы» командасы үздік өнер көрсетіп, жартылай финалға тікелей жолдама алды.



Отан қорғаушы күніне және 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 73 жылдығына орай өткізілетін іс-шаралар жоспары түзілді. Жоспарға сәйкес кітап көрмелері, сынып сағаттары, ашық тәрбие сағаттар, кездесулер, дөңгелек үстелдер өткізілді.





Жастарды жаңа жыл туралы ұғым беріп, жаңа жылды татулықпен, достықпен, бірлікпен өткізуге баулу мақсатында «Төрлет, Құтты Жаңа жыл!» атты кеш ұйымдастырылып өткізілді.





**Дене тәрбиесін жетілдіру мен гигиеналық тәрбие:**

(Адам өмірінде дене – шынықтырудың, туризмнің ролі туралы ұғым қалыптастыра отырып, денсаулықты нығайту қажеттілігін ұғындыру, тазалық сақтау мен гигиеналық талаптарды орындауды талап ету, спорттық шеберлік пен дағдыларды ұдайы жетілдіру, ұлттық ойындардың тәрбиелік мәніне назар аудару. Республика спортшыларының әлемдік ареналардағы табыстарына хабардар болып отыру)1 наурыз – Алғыс айту күніне орай онкүндікті ұйымдастыру жоспарына сәйкес, 27.02.2018 ж. күні «Бірлігіз жарасқан» атты тақырыпта колледж ұстаздарының арасында волейбол сайысы өткізілді.





Наурыз айының 2-ші жұлдызында оқу орнымыздың кіші мәжіліс залында дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні және Қазақстан Республикасында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды (МӘМС) енгізу мәселелері туралы жиналыс өткізілді.





«Жасөспірімдермен жастардың репродуктивтік денсаулығы» атты семинар өткізілді. Семинарға қоғамдық денсаулық сақтау институтының мамандары, колледждің акушерия және геникология пәнінің оқытушылары, педагог – психолог және студент жастары қатысты.





Бүкіләлемдік ЖИТС-ке қарсы күрес күні аясында Жетісай медицина колледжінің студент жастары арасында АИТВ-жұқпасын, нашақорлықты алдын алу мақсатында «ЖИТС-қауіпті дерт» атты тақырыпта арнайы сала мамандарының қатысуымен кең ауқымды наукан және флэшмоб өтті.





16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесі аясында студент жастар арасында «Тәуелсіздік тірегім» атты тақырыпта волейбол сайысы өтті.





**Экологиялық және экономикалық тәрбие:**

(Жер тағдыры ел тағдыры,табиғат пен адам өмірін сақтайтын жер-су,айға,ғарыш әлемін бағалай білетін,табиғатты аялап қорғай білетін азаматтар тәрбиелеу)

1 наурыз – Алғыс айту күніне орай онкүндікті ұйымдастыру жоспарына сәйкес, 24.02.2018 ж. күні «Тазалық – табиғат қорғаны!» деген ұранмен сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Оқу орнына бекітілген Жетісай қаласының көшелерін және арық- атыздарымен жол жиектері тазаланып, колледж аумағына ағаш көшеттері отырғызылды. Көшет отырғызуға «Жастар ресурстық орталығы» КММ-ның директоры, «Жаныкұл» медицина колледжінің оқытушылары мен студенттері және оқу орнымыздың белсенді жастары қатысып, көшеттерді «Достық көшеттері» деп атады.





Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі қарсаңында 2018 жылдың 15 наурыз күні сенбілік өткізілді. Жастар саябағына көшеттері отырғызылып, ағаштарды әктеу, сырлау жұмыстары жүргізілді.





**Әсемдікке, сұлулыққа тәрбиелеу және көркемдік-танымдық қабілетін дамыту:**
(эстетикалық тәрбие)

28-30 наурыз аралығында оқу орнымызда «1 сәуір – Күлкі күні» мерекесіне арналған «Күлкі – көңілдің ажары» тақырыбын тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағатын ұйымдастырған топтар: 104 «Мейіргер ісі», III емдеу ісі «Б», 103 «Емдеу ісі»






2018 жылдың 12 сәуір күні оқу орнымызда бітіруші түлектерге сый – құрмет көрсете отырып, болашақ ел азаматын білікті маман болуға, елге еңбек етуге, ғылым қууға, өресі биік болуға шақыру мақсатында «Сыңғырла соңғы қоңырау» атты салтанатты жиын ұйымдастырылды.





30 тамыз – Ата заңымызға 23 жыл толуына орай және 1 қыркүйек – білім күніне арналған салтанатты жиын өткізілді. Іс - шара барысында колледж басшылары оқу орнымыздың жеткен жетістіктерін баяндап, барша студент жастарды жаңа оқу жылымен құттықтады.





2018 жылғы Jiu-jitsu спортыныңWORLD CHAMPIONSHIP 70 келі салмақта әлем чемпионатының жүлдері Сәрсенбеков Ерғали Султанбекұлының студент жастармен кездесу жиналысы өткізілді





Жатақхана студенттерінің арасында «Күз аруы - 2018» байқауы өткізілді. Байқау қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт - дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, изеттілікке тірбиелеу мақсатында ұйымдастырылды. Әділ қазы алқаларының шешімімен:

Бас жүлде: 203 «Мейіргер ісі» тобының студенті Нуриддинова Зарина

I орын: 103 «Мейіргер ісі» тобының студенті Мамыр Ұлжарқын

II орын: I мейіргер ісі «А» тобының студенті Курегенова Зейнеп

III орын: I мейіргер ісі «А» тобының студенті Додабаева Дилнура

III орын: 102 «Мейіргер ісі» тобының студенті Сағындық Гүлнұр иеленді.





**Кәсіптік және еңбек тәрбиесі:**

(Білім алуға саналы көзқарасты қалыптастыру және қоғамдық белсенділікті дамыту, еңбекке, халықтық іскерлікке баулу).

2018 жылдың қаңтар айында Жетісай медицина колледжінің 2018 – 2019 оқу жылына арналған кәсіптік бағдар бойынша тұрақты комиссияның жұмыс жоспарына сәйкес «Ашық есік» күндері өткізілді.





Жетісай медицина колледжінің мәжіліс залында «Рухани жаңғыру – нұрлы болашақ бастауы» атты Студенттер қатарына қабылдау салтанаты өткізілді. Колледжде жастар саясатын жүзеге асыруда белсене қатысқан студенттер, колледж директорының алғыс хаттарына ие болды. Салтанатты іс-шара, концерттік бағдарламамен, би кешімен жалғасын тапты.

 

**Біліктілікті арттыру бөлімі:**

Жетісай медицина колледжі «Біліктілікті арттыру» бөлімі Қазақстан Республикасының Денсаулықты сақтау істері жөніндегі агенттігінің 2000 жылғы 7 желтоқсандағы №10-2-233 жіберген хатына және Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысы әкімшілігінің Денсаулық сақтау басқармасының 88-П 2001 жылғы 13 ақпандағы бұйрығына сәйкес ашылған.

Жетісай медицина колледжіне қарасты «Орта буын медициналық қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру» бөлімі колледждің А.Байтұрсынов көшесінің №62 Б оқу ғимаратында орналасқан. Бұл ғимаратта 5 оқу бөлмелері бар: 2 дәріс бөлмесі, 1 тәжірибелік бөлме, 2 стоматологиялық бөлме.

«Орта буын медициналық қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру» бөлімінің құрылымы бойынша 5 адам жұмыс атқарады: бөлім меңгерушісі -1,әдіскер-1,лаборант-2,хатшы-1.

Орта буын мамандарды дипломнан кейінгі даярлау илгіш және барынша шынайы қажеттілікке сай болуы үшін «Орта буын медициналық қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру» бөлімінің жұмыс жоспары медициналық мекемелердің ұсынысы негізінде құрылып, графигі мен жоспары денсаулық сақтау басқармасымен келісілген және колледж директормен бекітілген.

Жоспар бойынша «Мейіргер ісі», «Емдеу ісі» біліктілігі фельдшер мен акушерлер, мамандықтары бойынша мамандар білімін жетілдіреді..

2018 жылда өтілетін барлық циклдарға байланысты оқытудың жұмыс жоспарлары- 9, оқытудың жұмыс бағдарламасы- 9, ал І тоқсан бойынша күнтізбелік – тақырыптық жоспар тізбегі-10, силлабустар-10 түзіліп, тақырыпқа байланысты материалдар, тесттер, ситуациялық есептер, презентация және бейнероликтер жасалынды.

2018 жыл басында жоспар бойынша **27** цикл ұйымдастырылды. **14 бюджет** және **13 ақылы** циклдар.

**2018 жылы жергілікті бюджеттен өткізілген циклдер**

| № | Циклдың аталуы | Өткізу мерзімі | Оқыту мерзімі | Сағат саны | Курсанттар саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жалпы медбикелік технологиялар | 2 апта | 08.01-20.01.18 ж | 108 | 25 |
| 2 | Акушерияның перинатологияның және гинекологияның таңдаулы сұрақтары | 2 апта | 15.01-27.01.18 ж | 108 | 25 |
| 3 | Госпитальға дейінгі кезеңдегі дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек | 2 апта | 05.02-17.02.18 ж | 108 | 25 |
| 4 | Жалпы медбикелік технологиялар | 2 апта | 12.02-24.02.18 ж | 108 | 25 |
| 5 | Инфекциялық бақылау. Аурухана ішілік инфекциялардың алдын алуда медбикенің рөлі | 2 апта | 01.03-15.03.18 ж | 108 | 25 |
| 6 | Жалпы медбикелік технологиялар | 2 апта | 02.04-14.04.18ж | 108 | 25 |
| 7 | Терапияның таңдаулы сұрақтары | 2 апта | 09.04-21.04.18ж | 108 | 25 |
| 8 | МСАК медбикелерінің қызметтік міндеттерін жетілдіру | 2 апта | 02.05-17.05.18ж | 108 | 25 |
| 9 | Госпитальға дейінгі кезеңдегі дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек | 2 апта | 10.05-23.05.18ж | 108 | 25 |
| 10 | Жалпы медбикелік технологиялар | 2 апта | 04.06-16.06.18ж | 108 | 25 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 11 | Терапияның таңдаулы сұрақтары | 2 апта | 10.09-22.09.18ж | 108 | 25 |
| 12 | МСАК медбикелерінің қызметтік міндеттерін жетілдіру | 2 апта | 01.10-13.10.18ж | 108 | 25 |
| 13 | Педиатрияның таңдаулы сұрақтары | 2 апта | 08.10-20.10.18ж | 108 | 25 |
| 14 | Жалпы медбикелік технологиялар | 2 апта | 05.11-17.11.18ж | 108 | 25 |

**2018 жылдың 9 айында арналған (ақылы) келісім шарт негізінде өткізілген циклдер.**

| № | Циклдың аталуы | Өткізу мерзімі | Оқыту мерзімі | Сағат саны | Курсанттар саны |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Терапияның таңдаулы сұрақтары | 2 апта | 15.01-27.01.18ж | 108 | 25 |
| 2 | Жалпы медбикелік технологиялар | 2 апта | 05.02-17.02.18ж | 108 | 25 |
| 3 | Инфекциялық бақылау. Аурухана ішілік инфекциялардың алдын алуда медбикенің рөлі | 2 апта | 12.02-24.02.18ж | 108 | 25 |
| 4 | Педиатрияның таңдаулы сұрақтары | 2 апта | 05.03-19.03.18ж | 108 | 25 |
| 5 | МСАК медбикелерінің қызметтік міндеттерін жетілдіру | 2 апта | 12.03-28.03.18ж | 108 | 25 |
| 6 | Әйелдің репродуктивтік денсаулығы. Отбасын жоспарлау. | 2 апта | 09.04-21.04.18ж | 108 | 25 |
| 7 | Жалпы медбикелік технологиялар | 2 апта | 14.05-26.05.18ж | 108 | 25 |
| 8 | Госпитальға дейінгі кезеңдегі дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек | 2 апта | 11.06-23.06.18ж | 108 | 25 |
| 9 | Жалпы медбикелік технологиялар | 2 апта | 03.09-15.09.18ж | 108 | 25 |
| 10 | Инфекциялық бақылау. Аурухана ішілік инфекциялардың алдын алуда медбикенің рөлі | 2 апта | 10.09-22.09.18ж | 108 | 25 |
| 11 | Жалпы медбикелік технологиялар | 2 апта | 08.10-20.10.18ж | 108 | 25 |
| 12 | Иммундық алдын алудағы медбике ісі | 2 апта | 12.11-24.11.18ж | 108 | 25 |
| 13 | МСАК медбикелерінің қызметтік міндеттерін жетілдіру | 2 апта | 03.12-15.12.18ж | 108 | 25 |

**2018 жылы** жалпы **682** тыңдаушылар білімін жетілдірді, оның ішінде жергілікті бюджет негізінде **350** және (ақылы) келісім шарт негізінде **332** орта буын медицина қызметкерлері біліктіліктерін арттырды

**2018 жылы өткен циклдар бойынша тыңдаушылар туралы мәлімет**

| № р/с | Циклдардың аталуы | Мамандығы | Өтілген мерзімі | Әр цикл бойынша тыңдаушылар саны | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Бюджет | Ақылы | | | Жалпы саны |
| | | | | | Барлығы | ЖБШЫҚ (СКПН) | Өз есебінен | |
| 1 | Жалпы медбикелік технологиялар | Мейіргер | 08.01-20.01.2018 ж | 25 | | | | 25 |
| 2 | Акушерияның, перинатологияның және гинекологияның таңдаулы сұрақтары | Акушер | 15.01-27.01.2018 ж | 25 | | | | 25 |
| 3 | Терапияның таңдаулы сұрақтары | Мейіргер | 15.01-27.01.2018 ж | | 23 | 8 | 15 | 23 |
| 4 | Госпитальға дейінгі кезеңдегі дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек | Фельдшер, мейіргер | 05.02-17.02.2018 ж | 25 | | | | 25 |
| 5 | Жалпы медбикелік технологиялар | Мейіргер | 05.02-17.02.2018 ж | | 26 | 5 | 21 | 26 |
| 6 | Жалпы медбикелік технологиялар | Мейіргер | 12.02-24.02.2018 ж | 25 | | | | 25 |
| 7 | Инфекциялық бақылау. Аурухана ішілік инфекциялардың алдын алуда медбикенің рөлі | Мейіргер | 12.02-24.02.2018 ж | | 21 | 11 | 10 | 21 |
| 8 | Инфекциялық бақылау. Аурухана ішілік инфекциялардың алдын алуда медбикенің рөлі | Мейіргер | 01.03-15.03.2018 ж | 25 | | | | 25 |
| 9 | Педиатрияның таңдаулы сұрақтары | Мейіргер | 05.03-19.03.2018 ж | | 12 | | 12 | 12 |
| 10 | МСАК медбикелерінің қызметтік міндеттерін жетілдіру | Мейіргер | 12.03-28.03.2018 ж | | 11 | | 11 | 11 |
| 11 | Жалпы медбикелік технологиялар | Мейіргер | 02.04-14.04.2018ж | 25 | | | | 25 |
| 12 | Терапияның таңдаулы сұрақтары | Мейіргер | 09.04-21.04.2018ж | 25 | | | | 25 |
| 13 | Әйелдің репродуктивтік денсаулығы. Отбасын жоспарлау | Акушер | 09.04-21.04.2018ж | | 26 | 9 | 17 | 26 |
| 14 | МСАК медбикелерінің қызметтік | Мейіргер | 02.05-17.05.2018ж | 25 | | | | 25 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | міндеттерін жетілдіру | | | | | | | |
| 15 | Госпитальға дейінгі кезеңдегі дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек | Фельдшер, мейіргер | 10.05-23.05.2018ж | 25 | | | | 25 |
| 16 | Жалпы медбикелік технологиялар | Мейіргер | 14.05-26.05.2018ж | | 45 | 10 | 35 | 45 |
| 17 | Жалпы медбикелік технологиялар | Мейіргер | 24.05-06.06.2018ж | | 60 | | 60 | 60 |
| 18 | Жалпы медбикелік технологиялар | Мейіргер | 04.06-16.06.2018ж | 25 | | | | 25 |
| 19 | Госпитальға дейінгі кезеңдегі дәрігерге дейінгі шұғыл медициналық көмек | Фельдшер, мейіргер | 11.06-23.06.2018ж | | 24 | 3 | 21 | 24 |
| 20 | Жалпы медбикелік технологиялар | Мейіргер | 03.09-15.09.2018ж | | 20 | | 20 | 20 |
| 21 | Терапияның таңдаулы сұрақтары | Мейіргер | 10.09-22.09.2018ж | 25 | | | | 25 |
| 22 | Инфекциялық бақылау. Аурухана ішілік инфекциялардың алдын алуда медбикенің рөлі | Мейіргер | 10.09-22.09.2018ж | | 16 | 4 | 12 | 16 |
| 23 | МСАК медбикелерінің қызметтік міндеттерін жетілдіру | Мейіргер | 01.10-13.10.2018ж | 25 | | | | 25 |
| 24 | Педиатрияның таңдаулы сұрақтары | Мейіргер | 08.10-20.10.2018ж | 25 | | | | 25 |
| 25 | Жалпы медбикелік технологиялар | Мейіргер | 08.10-20.10.2018ж | | 18 | | 18 | 18 |
| 26 | Жалпы медбикелік технологиялар | Мейіргер | 05.11-17.11.2018ж | 25 | | | | 25 |
| 27 | Иммундық алдын алудағы медбике ісі | Мейіргер | 12.11-24.11.2018ж | | 14 | 2 | 12 | 14 |
| | **Барлығы** | | | **350** | **332** | **52** | **280** | **682** |

## 2018 жылы өткен циклдар бойынша тыңдаушылар туралы мәлімет

| № р/с | Мамандық атаулары | Жергілікті бюджет | | | | Ақылы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Жоспар бойынша | | Оқытылғандар саны | | Жоспар бойынша | | Оқытылғандар саны | | |
| | | Білім жетілдіру | Қайта маман-дандыру | Білім жетілдіру | Қайта маман-дандыру | Білім жетілдіру | Қайта маман дандыру | Білім жетілдіру | | Қайта ма-мандан |
| | | | | | | | | Өз есе-бінен | ЖБШЫҚ (СКПН | |
| 1 | Емдеу ісі фельдшер | 50 | | 50 | | 25 | | | | |
| 2 | Медбикелік іс | 275 | | 275 | | 275 | | 263 | 43 | |
| 3 | Емдеуісі акушер | 25 | | 25 | | 25 | | 17 | 9 | |
| | **Барлығы** | **350** | **0** | **350** | **0** | **325** | **0** | **280** | **52** | **0** |

## 2018 жылы ЖБШЫҚ (СКПН) мониторингі

| № | Медициналық ұйым атауы | Тыңдаушылардың саны |
|---|---|---|
| 1 | Мақтарал аудандық орталық аурухана | 44 |
| 2 | Шардара АОА | 1 |
| 3 | Мырзакент АА | 1 |
| 4 | Жетісай АОА | 6 |
| | **Барлығы** | **52** |

## 2018 жылы өткен циклдар бойынша тыңдаушылардың санаты туралы

| № р/с / Айы | Мерзімі | Жоғары санатты | I санатты | II санатты | Санатталмаған | Тыңдаушылар саны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 08.01-20.01.2018 ж | 15 | 1 | 2 | 7 | 25 |
| 2 | 15.01-27.01.2018 ж | 9 | 5 | 2 | 9 | 25 |
| 3 | 15.01-27.01.2018 ж | 13 | 1 | - | 9 | 23 |
| ***Қаңтар*** | ***Барлығы*** | ***37*** | ***7*** | ***4*** | ***25*** | ***73*** |
| 1 | 05.02-17.02.2018 ж | 6 | 4 | 4 | 11 | 25 |
| 2 | 05.02-17.02.2018 ж | 15 | 1 | - | 10 | 26 |
| 3 | 12.02-24.02.2018 ж | 16 | 2 | - | 7 | 25 |
| 4 | 12.02-24.02.2018 ж | 14 | - | 1 | 6 | 21 |
| ***Ақпан*** | ***Барлығы*** | ***51*** | ***7*** | ***5*** | ***34*** | ***97*** |
| 1 | 01.03-15.03.2018ж | 16 | 4 | - | 5 | 25 |
| 2 | 05.03-19.03.2018ж | 4 | 2 | - | 6 | 12 |
| 3 | 12.03-28.03.2018ж | 3 | - | - | 8 | 11 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| ***Наурыз*** | ***Барлығы*** | ***23*** | ***6*** | ***-*** | ***19*** | ***48*** |
| **Барлығы** | **I- квартал** | **111** | **20** | **9** | **78** | **218** |
| ***Сәуір*** | ***Барлығы*** | ***43*** | ***4*** | ***3*** | ***26*** | ***76*** |
| 1 | 02.04-14.04.2018ж | 16 | - | 1 | 8 | 25 |
| 2 | 09.04-21.04.2018ж | 15 | 2 | - | 8 | 25 |
| 3 | 09.04-21.04.2018ж | 12 | 2 | 2 | 10 | 26 |
| ***Мамыр*** | ***Барлығы*** | ***46*** | ***5*** | ***1*** | ***43*** | ***95*** |
| 1 | 02.05-17.05.2018ж | 13 | 1 | - | 11 | 25 |
| 2 | 10.05-23.05.2018ж | 11 | 2 | 1 | 11 | 25 |
| 3 | 14.05-26.05.2018ж | 22 | 2 | - | 21 | 45 |
| ***Маусым*** | ***Барлығы*** | ***72*** | ***5*** | ***1*** | ***31*** | ***109*** |
| 1 | 24.05-06.06.2018ж | 45 | 2 | - | 13 | 60 |
| 2 | 04.06-16.06.2018ж | 13 | 2 | 1 | 9 | 25 |
| 3 | 11.06-23.06.2018ж | 14 | 1 | - | 9 | 24 |
| **Барлығы** | **II квартал** | **161** | **14** | **5** | **100** | **280** |
| 1 | 03.09-15.09.2018ж | 9 | 1 | 1 | 9 | 20 |
| 2 | 10.09-22.09.2018ж | 11 | 2 | 3 | 9 | 25 |
| 3 | 10.09-22.09.2018ж | 11 | | | 5 | 16 |
| ***Қыркүйек*** | ***Барлығы*** | ***31*** | ***3*** | ***4*** | ***23*** | ***61*** |
| **Барлығы** | **III квартал** | **31** | **3** | **4** | **23** | **61** |
| 1 | 01.10-13.10.2018ж | 10 | 2 | 1 | 12 | 25 |
| 2 | 08.10-20.10.2018ж | 17 | 1 | 4 | 3 | 25 |
| 3 | 08.10-20.10.2018ж | 6 | 1 | 1 | 10 | 18 |
| ***Қазан*** | ***Барлығы*** | ***33*** | ***4*** | ***6*** | ***25*** | ***68*** |
| 1 | 05.11-17.11.2018ж | 13 | 3 | 3 | 6 | 25 |
| 2 | 12.11-24.11.2018ж | 4 | 2 | - | 8 | 14 |
| ***Қараша*** | ***Барлығы*** | ***17*** | ***5*** | ***3*** | ***14*** | ***39*** |
| 1 | 03.12-15.12.2018ж | 7 | - | - | 9 | 16 |
| ***Желтоқсан*** | ***Барлығы*** | ***7*** | ***-*** | ***-*** | ***9*** | ***16*** |
| **Барлығы** | **IV квартал** | ***57*** | ***9*** | ***9*** | ***48*** | **123** |
| | ***I-II-III-IV*** | ***360*** | ***46*** | ***27*** | ***249*** | **682** |

**003 бағдарлама бойынша 2018 жылы өткен *бюджет* циклдарының мониторингі**

| № с | Медициналық ұйым атауы | I тоқсан | | | II тоқсан | | | III тоқсан | | | IY тоқсан | | | Барлығы | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Мамандығы | | | Мамандығы | | | Мамандығы | | | Мамандығы | | | Мамандығы | | |
| | | Фельдшер | Акушер | Медбике | Фельдшер | Акушер | Медбике | Фельдшер | Акушер | Медбике | Фельдшер | Акушер | Медбике | Фельдшер | Акушер | Медбике |
| 1 | «Мақтаарал аудандық орталық аурухана» | 20 | 9 | 22 | 14 | | 24 | | | 10 | | | 19 | 34 | 9 | 75 |
| 2 | «Атакент» Мақтарал аудандық ауруханасы | | 1 | 8 | | | 12 | | | 3 | | | 10 | | 1 | 33 |
| 3 | «Асық-ата» Мақтарал аудандық ауруханасы | 2 | 4 | 22 | 4 | | 23 | | | 6 | | | 22 | 2 | 4 | 67 |
| 4 | «Мырзакент» Мақтарал аудандық ауруханасы | 2 | 2 | 9 | | | 17 | | | | | | 18 | 2 | 2 | 44 |
| 5 | «Сарыағаш» аудандық орталық ауруханасы | | 3 | 4 | | | | | | | | | | | 3 | 4 |
| 6 | «Абай» Сарыағаш аудандық ауруханасы | 1 | 4 | 2 | 4 | | 18 | | | 6 | | | 6 | 5 | 4 | 32 |
| 7 | «Шардара» аудандық орталық ауруханасы | | 2 | 8 | 3 | | 6 | | | | | | | 3 | 2 | 14 |
| | **Барлығы** | **25** | **25** | **75** | **25** | | **100** | | | **25** | | | **75** | **46** | **25** | **269** |

## 003 бағдарлама бойынша 2018 жылы өткен *ақылы* циклдарының мониторингі

| р/с | Медициналық ұйым атауы | І тоқсан | | | ІІтоқсан | | | ІІІ тоқсан | | | ІҮ тоқсан | | | Мамыр | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Мамандығы | | | Мамандығы | | | Мамандығы | | | Мамандығы | | | Мамандығы | | |
| | | Фельдшер | Акушер | Медбике | Фельдшер | Акушер | Медбике | Фельдшер | Акушер | Медбике | Фельдшер | Акушер | Медбике | Фельдшер | Акушер | Медбике |
| 1 | «Мақтаарал аудан-дық орталық аурухана» | | | 35 | | 12 | 34 | | | 10 | | | 5 | 96 | | |
| 2 | «Атакент» Мақтарал аудандық ауруханасы | | | 4 | | | 5 | | | 6 | | | 6 | 21 | | |
| 3 | «Асық-ата» Мақтарал аудандық ауруханасы | | | 27 | | 7 | 8 | | | 14 | | | 14 | 70 | | |
| 4 | «Мырзакент» Мақтарал аудандық ауруханасы | | | 3 | | 4 | 3 | | | 2 | | | 3 | 15 | | |
| 5 | «Сарыағаш» аудандық орталық ауруханасы | | | | | | | | | | | | | | | |
| 6 | «Абай» Сарыағаш аудандық ауруханасы | | | | | | | | | | | | 1 | 1 | | |
| 7 | «Шардара» аудандық орталық ауруханасы | | | 3 | | 1 | 60 | | | | | | | 64 | | |
| 8 | «Жетісай қаласы пси-хологиялық-педагоги-калықтүзету кабине-ті» КММ | | | 1 | | | 1 | | | | | | | 2 | | |
| 9 | Жұмыссыз (өтініш) | | | 14 | | 2 | 15 | | | 4 | | | 10 | 45 | | |
| 10 | «Әйгерім» бөбекжай балабақшасы | | | 1 | | | | | | | | | | 1 | | |
| 11 | «Майра» бөбекжай балабақшасы | | | 1 | | | | | | | | | | 1 | | |
| 12 | «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы | | | 1 | | | | | | | | | | 1 | | |
| 13 | «Әдемі-Аделия» бөбекжай балабақ-шасы | | | 1 | | | | | | | | | | 1 | | |
| 14 | «Намира апа» бөбек-жай балабақшасы | | | 1 | | | | | | | | | | 1 | | |
| 15 | «ASK-диагностикасы-ЖСШ | | | 1 | | | | | | | | | | 1 | | |
| 16 | «Мақтарал аудандық мамандандырылан «Дарын мектеп-интернаты» | | | | | | 1 | | | | | | 1 | 2 | | |
| 17 | «Айшары» бөбекжай балабақшасы | | | | | | 1 | | | | | | 1 | 2 | | |
| 18 | «Наурыз» бөбекжай балабақшасы | | | | | | 1 | | | | | | | 1 | | |
| 18 | «Наурыз» бөбекжай балабақшасы | | | | | | 1 | | | | | | | 1 | | |
| 19 | «Жанель-Ади» бөбекжай балабақшасы ЖШС | | | | | | | | | | | | 1 | 1 | | |
| 20 | «Қуаныш» бөбекжай балабақшасы МККК | | | | | | | | | | | | 1 | 1 | | |
| 21 | «Жетісай қосалқы мектеп-интернаты» КММ | | | | | | | | | | | | 1 | 1 | | |
| 22 | ЖШС «Ботақан» бөбекжай балабақшасы | | | | | | | | | | | | 1 | 1 | | |
| 23 | Аружан-Ақбота бөбекжай балабақшасы | | | | | | | | | | | | 1 | 1 | | |
| 24 | Ғани Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжі | | | | | | | | | | | | 1 | 1 | | |
| 25 | «Ғани-Инабат» бөбекжай балабақшасы | | | | | | | | | | | | 1 | 1 | | |
| | **Барлығы** | | | **93** | | **26** | **129** | | | **36** | | | **48** | **332** | | |

Орта буын медициналық кадрларды дипломнан кейінгі және қайта даярлауға медициналық ғылым және білім инновациялық технологиянын республикалық орталығы ұсынылған және «Орта

буын медициналық қызметкерлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру» бөлімінің оқытушыларымен дайындалған оқу жоспарлары мен бағдарламалары қолданылады.

Кабинеттердің материалды – техникалық базасы және колледж зертханалары, мамандық тренинг, дағдылық ойын, накты жағдаяттық анализі жүргізіледі. Тыңдаушыларға тәжірибелік сабақтар ауданның ең жақсы емдеу профилактикалық мекемелерінде жүргізу білім жоғарлату сапасының өсуінің аспектісі болып табылады және теориялық білімнің тәжірибеде бекітілуіне көмектеседі.

Жетісай медицина колледжінің оқу базалық емдеу алдын-алу мекемесі аудандық орталық аурухана, АТҚД, аудандық ТҚҚБ болып табылады.

Оқытудың мазмұны, тиімділігі және сапасы көбіне оқытушы кадрлардың құрамына байланысты. Қазіргі уақытта бөлімде оқытуға колледждің 1-ші және жоғары категориялы тәжірибелі оқытушылары, тәжірибелі дәрігерлер, бас мамандары кеңінен жұмылдырылды.

2018 жылдың 12 наурыз күні «Мейіргер ісі негіздері» пәнінің оқытушысы Нурбекова Парида Нурсалибидиновна «Мейіргерлік үрдіс. Мейіргерлік күтімді ұйымдастыру мен орындаудың ғылыми әдісі» атты семинар өткізді.





**Материалдық- техникалық базаны нығайтуға мемлекеттік сатып алу – қаралмаған.**

**Кәсіпорындағы бюджет қаражатының тиімділігі туралы**

**2018 жылға** Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының «Жетісай медицина колледжі» шаруашылық жүргізу құқығындағымемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының барлық бюджеттік бағдарламалары бойынша келісім шарт негізінде қаралған қаржы – **127460,3мың теңге**,оның ішінде:

**253043 015 «Техникалық және кәсіби орта білімнен кейінгі білім берумекемелерінде мамандар даярлау»** бюджеттік бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен – **118983,0 мың теңге,**

**253 003 015 «Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау» бюджеттік** бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен **– 7395,0 мың теңге,**

**253 044 015 «Техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету»** бюджеттік бағдарламасы жергілікті бюджет бойынша – **1083,0 мың теңге** бөлінді. Атап айтқанда:

- 111 ерекшелікке «Негізгі жалақы» бойынша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталынатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі туралы» №1193 Қаулысы негізінде еңбек ақы қоры есептелініп - 63632,0 мың теңге жаратылған.

- 113 ерекшелікке «Өтемақы төлемдері» бойынша, Қазақстан Республикасының 15 мамыр 2007 жылғы № 251 «Еңбек Кодексі» -нің 239 бабы негізінде кезекті еңбек демалысына шығу кезіне 1 айлық еңбек ақы мөлшерінде есептелініп - 3534,7 мың теңге жаратылған.

- 121 ерекшелікке «Әлеуметтік салық» бойынша, Қазақстан Республикасы «Салық кодексі» негізінде есептелініп 3874,5 мың теңгежаратылған.

- 122 ерекшелікке «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік төлемдер» бойынша, Қазақстан Республикасының 25 сәуір 2003 жылғы «Міндетті әлеуметтік қамсыздандыру туралы» №405-ІІ заңының 14 бабына сәйкес есептелініп – 1996,7 мың теңгежаратылған.

- 124 ерекшелікке «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға» - 954,6 мың теңге жаратылған.

- 149 ерекшелікке «Басқада тауарларды сатып алуға» - 10069,3 мың теңгежаратылған.

- 151 ерекшелікке «Коммуналдық төлемдер» (ауыз су, электр энергия және жылу төлемдеріне) – 6640,5 мың теңге жаратылған.

- 152 ерекшелікке «Байланыс қызметінің төлемдері» - 1300,7 мың теңге жаратылған.

- 159 ерекшелікке «Баска да қызметтер» - 3711,5 мың теңге жаратылған.

- 161 ерекшелікке «Іс-сапар шығындарына» - 3477,6 мың.теңге жаратылған.

- 169 ерекшелікке «Басқада ағымдағы шығындар»(жер салығы,мүлік салығы,автокөлік салығы,қоршаған ортаны қорғау бойынша салық) – 228,4 мың теңге жаратылған.

- 324 ерекшелікке «шәкіртақыға» - 26951,8мың.теңге жаратылған.

253 044 015 «Техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» бюджеттік бағдарламасы бойынша оқушылардың жол кіресіне – 1082,3 мың теңге жаратылған.

**Ақылы бөлім бойынша 2018 жылға – 126038,3 мың теңге,** оның ішінде **253 043 000** бағдарлама бойынша барлығы – **116403,1 мың теңге, 253 003 000** бағдарлама бойынша **9635,2** мың теңге бөлініп отыр.

Атап айтқанда:

- 111 ерекшелікке «Негізгі жалақы» бойынша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталынатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі туралы» №1193 Қаулысы негізінде еңбек ақы қоры есептелініп - 101490,4 мың теңге жаратылған.

- 113 ерекшелікке «Өтемақы төлемдері» бойынша, Қазақстан Республикасының 15 мамыр 2007 жылғы № 251 «Еңбек Кодексі» -нің 239 бабы негізінде кезекті еңбек демалысына шығу кезіне 1 айлық еңбек ақы мөлшерінде есептелініп - 6369,7 мың теңге жаратылған.

- 121 ерекшелікке «Әлеуметтік салық» бойынша, Қазақстан Республикасы «Салық кодексі» негізінде есептелініп – 6329,7 мың теңге жаратылған.

- 122 ерекшелікке «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік төлемдер» бойынша, Қазақстан Республикасының 25 сәуір 2003 жылғы «Міндетті әлеуметтік қамсыздандыру туралы» №405-ІІ заңының 14 бабына сәйкес есептелініп – 3066,3 мың теңге жаратылған

- 124 ерекшелікке «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға» - 1465,0 мың теңге жаратылған.

- 123 ерекшелікке «Міндетті автокөлік сақтандыру жарнасына» - 9,3 мың теңге жаратылған.

- 149 ерекшелікке «Басқада тауарларды сатып алуға» - 984,3 мың теңге жаратылған.

- 151 ерекшелікке «Коммуналдық төлемдер» (ауыз су, электр энергия және жылу төлемдеріне) – 3232,4 мың теңге жаратылған.

- 152 ерекшелікке «Байланыс қызметінің төлемдері» - 358,0 мың теңге жаратылған.

- 159 ерекшелікке «Баска да қызметтер» - 2155,9 мың теңге жаратылған.

- 161 ерекшелікке «Іс-сапар шығындарына» - 570,1 мың.теңге жаратылған.

- 169 ерекшелікке «Басқада ағымдағы шығындар»(автокөлік салығы) – 7,2 мың теңге жаратылған.

**Жаңа технологиялардың енгізілуі мен дамуы туралы**

Колледж ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерімен жабдықталған. 68 кабинет, дәріс бөлмелеры және зертханалар, олардың ішінде оқу кабинеттері -35, зертханалар- 4, дәріс бөлмелері – 24, симуляциялық кабинеттер – 4, лингафон кабинеті-1 , компьютерлық сынып – 2, жылжымалы мультимедиялық сынып-2, электронды кітапхана.

Оқу процессі 114 компьютермен, 38 ноутбук, 6 мультимедиялық проектормен, 9 интерактивті тахта, 2- түсті принтер, 10 теледидармен жабдықталған . Компьютерлер Интернет жүйесіне қосылған. Сонымен қатар, 5 жаңа технологиялар кабинеті (интерактивтік тақтасымен)- биология, химия ,патологиялық анатомия кабинеті, 4 симуляциялық орталық қызмет етуде. Кабинеттер толық керекті аспаптармен, құралдармен, микроскоптармен, компьютермен және оқу материалдарының жинақы дисктерімен толық жабдықталған. Сонымен қатар, симуляциялық кабинетке интерактивті муляждар, симуляторлар оқушылардың кәсіптік дайындық деңгейін жоғарылату мақсатында қолданылады.

Оқыту барысында осы заманға сай жоғарғы технологияларды қолданады. Колледждің оқушылары мен оқытушыларына өздерінің білімің жоғарлатуына колледждің электронды кітапханасында жағдай жасалған , сонымен қатар әлемдегі барлық жаңалықтармен хабардар болуына компьютерлер интернет жүйесіне қосылған

Компьютерлік сыныптарда оқу-көрсету Win Test және Aiген бағдарламалары енгізілген, осы бағдарламалар арқылы оқушылардың білім деңгейі тексеріледі.

Оқу аудиториялары 9 интерактивты тахталармен және заманауи бейне проекторларымен жабдықталған. Лингафондық кабинет, 2 мультимедиалық кабинет және 4 симуляциялық кабинет болашақ мамандардың кәсіби білімін дамытуға қолдануға берілген.

Колледжде 17 үйірме жұмыс атқарады. Әр үйірме колледждің мәселесі бойынша ғылыми – ізденіс жұмыстарын жүргізіледі.

**Колледж директоры: М.Л.Тоқбергенов**